

МРНТИ 10.23.43

жосықсыз бәскелестіктің құқықтық табиғаты және классификациясы

Косжанов К.Б.

Сулейман Демирель Университетінің магистранты

Аннотация

В условиях становления в Казахстане конкурентной среды, работа по совершенствованию законодательства, посвященного проблемам противодействию недобросовестной конкуренции, является особенно актуальной, поскольку такое понятие, как «конкуренция», было почти забыто. В связи с этим, вопросы охраны конкурентных отношений снова приобрели особую важность для развития не только экономики страны, но и ее ключевых отраслей, составляющих фундамент стабильности Республики Казахстан.

Прежде всего, важность проблемы охраны конкурентных отношений обусловлена тем, что практика недобросовестной конкуренции - достаточно распространенное явление в экономике страны, причиняющее серьезный вред государству, добросовестным участникам конкурентных отношений и потребителям.

В данной статье рассмотрены правовая природа и характеристика недобросовестной конкуренции в международном и отечественном доктрине, а также виды и классификации недобросовестной конкуренций согласно международным и отечественным законодательствам.

Также в статье изложены мнение автора, касательно понимание и классификация недобросовестной конкуренции.

Ключевые слова: *конкуренция, недобросовестная конкуренция, правовая природа, характеристика недобросовестной конкуренции, промышленная собственность, введение в заблуждение, конкурентные отношение, экономика, деловая репутация, дискредитация.*

Annotation

In the conditions of formation in Kazakhstan competitive sphere works on improvement of the legislation, devoted to problems of a counteraction to unfair competition is especially relevant as such the concept as "competition", was almost forgotten. In this regard, questions of protection competitive relations gained special importance for development not only national economies, and also in making the base of stability of the Republic of Kazakhstan.

First of all, the importance of a problem of protection competitive relations, is caused by the fact, that practice of unfair competition - rather widespread phenomenon in national economy doing seriously harm to the state, conscientious participants of competitive relations and to consumers.

In this article reviewed the legal nature and the characteristic of unfair competition in international and domestic doctrine, and also the types and classifications of unfair competition, according to the international and domestic legislations.

Also in article are stated the opinion of the author, concerning of understanding and classification of unfair competition.

Keywords: *competition, unfair competition, legal nature, characteristic of unfair competition, industrial property, deception, competitive relation, economy, business reputation, discrediting.*

Аңдатпа

Қазақстандағы бәсекелестіктің құрылу жағдайында, жосықсыз бәсекелестікке қарсы заңнаманы жетілдіру өзекті болып табылады, өйткені бәсекелестік ұғымы елімізде ұмытылуға шақ қалған. Сондықтан бәсекелестікті қорғау мәселелерін қолға алу тек қана еліміздің экономикасын дамыту ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының негізінің тұрақтылығына да бағытталған салаларында да маңызды.

Бәсекелестік қатынастарды қорғау маңыздылығы, жосықсыз бәсекелестіктің практикасы барынша жайылған көрініс сонымен қатар мемлекеттің экономикасына әрі бәсекелестіктің адал қатысушыларына залал беруінде болып табылады

Бұл мақалада халықаралық және отандық доктринада жосықсыз бәсекелестіктің құқықтық табиғаты әрі сипаты, сонымен қатар халықаралық және отандық заңнамаларда жосықсыз бәсекелестіктің түрлері мен классификациясы қарастырылған.

Сонымен қатар мақалада жосықсыз бәсекелестік түсінігіне және классификациясына қатысты автордың тұжырымы берілген

Кілт сөздер: *бәсекелестік, жосықсыз бәсекелестік, құқықтық табиғат, жосықсыз бәсекелестік сипаттамасы, бәсекелестік қатынастар, экономика, өнеркәсіп меншігі, жаңылыстыруға әкелу, іскерлік бедел түсіру, дискредитация.*

Қазіргі таңда нарықтық экономика – әртүрлі өндірістік, коммерциялық, қаржылық, ақпараттық және т.б. құрылымдардан тұратын, әртүрлі бизнес салаларымен байланысқан, нарық атты бір ғана түсінікте бірігетін өзін (ауқымды) бір организм ретінде көрсетіп келеді.

Нарықтық қатынастардың болмысын көрсететін негізгі ұғым, ол – бәсекелестік (competition). Бәсекелестік латын тілінен аударғанда қақтығысу, түйісу деген мағына береді және тауарөткізушілер арасында өнімнің өткізу мен өндіру жағдайларында қолайлылығы үшін күресті білдіреді. Бәсекелестік бағаны реттейтін, инновациялық процесстерді қолдануға стимул ретінде негізгі факторлардың бірі болып табылады [1, 27-33 б.].

Осыған байланысты ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 162 – бабында бәсекелестікке, дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы деген ұғым берілген.

Аталмыш баптың екінші бөлігінде бәсекелестік жарыспалылық, адалдық, заңдылық, тұтынушылар құқықтарының сақталу бастауларына негізделетіні көрсетілген.[2]

К.Ю.Тотьев бәсекелестікті адал және жосықсыз деп бөлген. Адал бәсекелестік деп, егер бәсекелестікте бизнестегі әріптестер арасында құқықтық және этикалық нормалардың сақталуы деп көрсеткен. [3, с. 13-26].

В.С. Тикиннің көзқарасы бойынша әділ бәсекелестік дегеніміз ол белгілі бір қағидалар арқылы субъектілердің жарысы, яғни көрермендер бақылап әрі тәртіптің сақталуын қадағалап отыратын өзіндік бір ойын. [1, 27-33 б.].

Өкінішке орай бәсекелестік пайда болғаннан бері теріс пиғыл арқылы бәсекелестікке қол жеткізгісі келетіндер біршама. Бұл ретте халықаралық және отандық заң шығарушылар құқықтық тұрғыда бұған жосықсыз бәсекелестік терминін беріп, жосықсыз бәсекелестікті заңмен тыйым салған.[4]

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 – бабы 4 – тармағында,- Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады,-деп көрсетілген.[4]

Аталмыш нормаға толықтыру ретінде ҚР Азаматтық Кодексінің 11 –бабы 2 – тармағы 3 – тармақшасында ұқсас кәсіпкерлік қызмет жүргізуші адамның және тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым көрсетуге бағытталған теріс пиғылды әрекеттер жасауына (теріс пиғылды бәсекелестік), атап айтқанда, тұтынушыларды басқа кәсіпкердің тауар дайындаушысы, дайындау мақсаты, әдісі мен орны, сапасы және өзге де қасиеттері жөнінен шатастыру арқылы, тауарларды жарнамалық және өзге де ақпаратта әдепсіздікпен салыстыру, бөтен тауардың сыртқы

безендірілуін көшіріп алу арқылы және басқа да әдістермен шатастыруына жол берілмейді.[5]

Жосықсыз бәсеке термині алғашында теріс пиғылды бәсекелестік болып қабылданған. 2000 жылғы 15 желтоқсанда қабылданған "Теріс пиғылды бәсеке туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теріс пиғылды бәсекелес сөзі жосықсыз бәсекелестік болып ауыстырылған.

«Жосықсыз бәсекелестік» термині алғаш рет Франция елінде XIX ғасырдың басында қолданылған. Іс жүзінде бұл құбылыс әлдеқайда ертерек - нарық қатынастарының қалыптасу сәтінен бері пайда болған.

Кейін бұл термин айқындалып, көлеңкелі, заңсыз, жаппай бәсекелестікті белгілеу ретінде басқа елдерде пайда болған. Өнеркәсіп меншігі саласында көпшілік мойындаған абыройлы адам, франциялық заңгер П.Рубье жосықсыз бәсекелестікті құрайтын іс-әрекеттердің келесі анықтамасын ұсынды: «Араласу, жаңылысу, сенімсіздену, қарсыластардың кәсіпорындарының тәртіпсіздігі және нарықтың жалпы тәртіпсіздігіне апаратын іс-әрекеттер» [6].

Л. Жоссеран жосықсыз бәсекелестік, негізінен, сауда қатынастарында бәсекелестіктің жалпы қағидаларына қарсы келетін әділ бәсекелестікті теріс пайдалану құқығы болып табылады деп көрсеткен.[7, 61 бет]

Француздық заңгерлерге қарағанда неміс заңгерлері жосықсыз бәсекелестікке басқа ұғымды ұсынады. Мысалы О. Гирке жосықсыз бәсекелестік деген бұл, бәсекелестің әділ емес тәсілдерін қолдана отырып кәсіпкерлердің жеке құқықтарына қол сұғу болып табылатынын көрсеткен. Жеке құқық термині астарында азаматтық құқықтан алынған игі атақ, іскерлік бедел, жеке құпия, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар кіреді деп көрсеткен. [8, 36-37 бет].

Осыған орай, қазіргі таңда жосықсыз бәсекелестікке бірдей анықтама берілмегеніне көз жеткізуге болады.

Алғаш болып жосықсыз бәсекелестік ұғымына түсінік берілген 1883 жылы қабылданған өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясы десекте болады. Конвенцияның 10 тег. бөлігінде, жосықсыз бәсекелестіктің «өнеркәсіп және сауда істерінде адал дәстүрлерге қайшы келетін бәсекелестіктің кез келген актілері» деген анықтамасын берген, сондай-ақ жосықсыз бәсекелестік іс-әрекеттердің болжалды тізілімін енгізген.

Тізілімге келесідей әрекеттер енген:

1. Кәсіпке, азыққа, өнеркәсіп немесе тауарға қатысты қандай да болмасын араласуға шақыратын әрекеттер;

2. Бәсекелестің кәсіпорнын, азығын, өнеркәсібін немесе тауарынын беделін түсіруге шақыратын жалған нұсқаулар

3. Тауардың сипатына, жасалу жолына, құрамына, жарамдылығына немесе санына қатысты қоғамды адастыратын сілтемелер.

Қазіргі уақытта жосықсыз бәсекелестік туралы арнайы заңнама барлық елдерде кездеспейді. Мемлекеттердің көбі жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу бойынша қызметті азаматтық құқықтың жалпы нормаларының негізінде, көбіне шетін жауапкершіліктің жалпы бастауларынан және сот және әкімшілік тәжірибенің жасаған қорғау амалдарының базасына негізделеді.

Заңнама мен тәжірибешілер жосықсыз бәсекелестік деп «өнеркәсіп және сауда саласындағы әділ дәстүрлерге қайшы келетін» бәсекелестікті түсінеді. Мұндай кең анықтама ұлттық заңнама актілерінде азаматтық құқықтың танымал, кеңінен қолданылатын жалпы критерийлері - «игі мінездер», «игі ар-ұждан» көмегімен айқындалады. Осылайша, Германиядағы «Жосықсыз бәсекелестік туралы» заң (1909) жосықсыз бәсекелестікті игі құқықтарға қайшы келетін деп айқындаса, осыған ұқсас швейцариялық заңның 2-бабында (1986) «жосықсыз және заңсыз ретінде игі сауда-саттық тәжірибеге қайшы келетін әртүрлі мінез-құлық немесе коммерциялық тәжірибені» таныды.[9, 215 б]

Жосықсыз бәсекелестік туралы жаңа заңнамада оның заңнаманың тағы бір саласы - тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасымен жақындасуы байқалады. Ең жаңа заңнамалық актілерде жосықсыз бәсекелестіктің анықтамасында тұтынушының фигурасы енгізілген, яғни ол жосықсыз бәсекелестіктен қорғау саласындағы ұсынылған құқықтар көлемі бойынша бәсекелес субъектілермен теңестіріле түскен. Кәсіби сатушылар мен өнім шығарушылардың алдында қорғансыздығы салдарынан тұтынушылар басты фигураға, бүкіл «бәсекелестік құқығының» субъектісіне айналады. Тұтынушы бәсекелестік жүргізіліп отырған бәсекелестік күрестің нысаны ретінде шығып отыр.

Швейцария мен Франция, Венгрия мен Болгария, Чехия мен Словакияның заңдары, сондай-ақ Германияның арнайы нормативтік актілері жосықсыз бәсекелестік тәсілдеріне, тұтынушыны тауар, оның сапасы мен қауіпсіздігінің сипаттамасына қатысты жаңылыстыратын тәртіп немесе тәжірибеге тікелей тыйым салады. Тауарларды сауда жүргізудің әдетті орындарынан тыс жерлерде - «үйдің кіреберісінде», «жүріп бара жатқанда», яғни адамды тауарды ойластырып сатып алу мүмкіндігінен айыратын жағдайда сатып алатын тұтынушыларды қорғау амалдары шығарылды[10, 160 б].

Жосықсыз бәсекелестік Қазақстанның монополияға қарсы заңнамасының конституциялық деңгейде тыйым салынған жалғыз құқық бұзушылығы болып табылады. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 177 – бабына сәйкес,

құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған бәсекелестіктегі кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады.

Жоғарыда аталмыш баптың екінші бөлігінде жосықсыз бәсекелестіктің келесідей әрекеттер тізімін көрсеткен, яғни :

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

2) басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

3) бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;

4) нарық субъектісінің беделін түсіру;

5) көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама;

6) мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу);

7) бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру;

8) сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;

9) нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;

10) сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық;

11) сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;

12) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану;

13) тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу;

14) нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы.

ҚР заңнамасындағы жосықсыз бәсекелестің париж конвенциясында көрсетілген әрекеттерге сілтейтін барынша әрекеттер көрсетілген, дегенмен қазіргі таңдағы бизнестің күрделенуі және жосықсыз бәсекелестің түрлері көп болуына байланысты болашақта жосықсыз бәсекелестік әрекеттерін әлі де енгізу қажет боларын айта кеткен жөн.

Қорыта келгенде қазіргі таңда жосықсыз бәсекелестіктің түсінігін біркелкі анықтау мүмкін емес. Сондықтан, шетел заң шығарушылар жосықсыз бәсекелестің заңды анықтамасын бермей, тек қана тізілімін берген.

Құқықтық доктрина және онымен қоса, жосықсыз бәсекелестікке қарсы халықаралық және отандық заңнаманы талдау нәтижесі жосықсыз бәсекелестікке келесідей анықтама беруіне себеп болды.

Жосықсыз бәсекелестік деп, бәсекелестік күрес барысында заңға қайшы жолмен, тұтынушыларға, бәсекелестерге немесе өзге де тұлғаларға залал

келтіріп немесе келтіруі мүмкін болып, немесе бәсекелестің іскерлік беделіне нұқсан келтіре отырып, нарық субъектілерінің отандық немесе шетелдік заңмен тыйым салған әрекеттерді қасақана, әдейі істеуін айтамыз.

Ұсынған анықтаманы келесідей белгілер сипаттайды:

1. Нарықта бәсекенің болуы. Яғни белгілі бір экономика саласында бәсекенің болуы. Жосықсыз бәсекелестік, бәсекелестік болмаған жерде болуы мүмкін емес.
2. Теріс пиғылды (әділ емес) болуы, яғни нарық субъектісінің ерікті әрі саналы түрде жасауы.
3. Нарық субъектісінің белсенділігі, яғни *әрекеті*. Әрекетсіздік жосықсыз бәсекелестік тудыра алмайды.
4. Субъектінің әрекеті қасақана болуы.
5. Нарық субъектісінің әрекеті заңнамаға қайшы болуы.
6. Әрекеттің мақсаты, әділетсіз жолдар арқылы бәсекелестікте артықшылыққа қол жеткізу.
7. Субъектінің әрекеті бәсекелеске шығын алып келген не алып келуі мүмкін, немесе іскерлік беделіне нұқсан келтірген не келтіруі мүмкін болған әрекеттер.

Жоғарыда көретілген белгілердің жиынтығы, әрекеттің жосықсыз бәсекелестік ретінде саралауға жеткілікті деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тикин В.С. О критерии недобросовестной конкуренции //Право и экономика. -2009. -№ 5.С.27-33
2. Кәсіпкерлік кодексе
- 3.Тотьев К.Ю. Конкурентное право.- М.: Издательство РДЛ, 2003. - 480 с
4. ҚР Конституциясы
5. ҚР Азаматтық кодексі
6. Виякова Н. Регламентирование недобросовестной конкуренции во Франции //Хозяйство и право. 1995. № 4.
7. Цитпо Krasser R La repression de la concurrence deloyale dans les etats membres de la cornmunaute economique europeenne, vol IV P Dalloz, 1972
8. Флейшиц Е А Личные права в гражданском праве Союза ССР и капиталистических стран
9. Конкурентное право РК. А.Т. Айтжанов, В. И. Князева... 2015 Астана
10. Тотьев К.Ю. Конкуренция и монополии: правовые аспекты регулирования. - М.: Юристь. 1996.